

# Жеті ішек жетелеген әуендер Әлдилеген күн

Азамат Қасым

Қара домбыраның құлағында ойнайтын қазақ баласы гитараны да жатсынбайды бүгінде. Осынау жеті ішекті аспаппен сахнаның көркін келтіріп жүрген қазақтың талантты ұл-қыздары аз емес. Көп те емес. Гитара жайлы бекерге сөз қозғап отырғанымыз жоқ. Осыдан бірер күн бұрын өскемендік өнерсүйер қауым жасандылықтан ада, табиғи сипаттағы тамаша бір қоңыр кештің куәсі болды.

Жеті ішекті жандарына серік еткен әрісі Астана мен Алматы, берісі өңіріміздің түкпір-түкпірінен келген қазақтың өнерлі қыз-жігіттері шаһар жұртшылығына екі сағат бойы естен кетпес ерекше кеш сыйлады. Айта кетейік, гитара құшақтаған өнер иелері Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында облыстық мәдениет басқармасы ел тарихында тұңғыш рет ұйымдастырып отырған «Жан серігім – гитара» атты фестиваль аясында бас қосты. Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ кештің құрметті қонағы болып, жеті ішекті аспап шеберлерінің өнерін бастан-аяқ тамашалады.

Төр Алтай бауырындағы тамаша кешке Гүлмира Ақұрпекова, Баян Нұрмышева, Қорабай Есенов, Сейіл Аяғанов, Қадырғали Көбентай, Ержан Белғозиев, Мақсұтхан Жиһанбаев секілді есімдері елге танымал өнерпаздардан бөлек, өнер әлеміне енді аяқ басқан өңіріміздің жас орындаушылары қатысты. Бұл ретте Бақытжан Балғабаев, Ершат Қайырханов, Болат Хамзин, Алтай Мұбәрак, Бекзат Омашев есімдерін атауға болады.

Қазақ өнерінде гитарамен алғаш ән шырқаған жан кім дегенде, ең әуелі қарағандылық Қорабай Есеновтің есімі оралады ойға. Содан болар фестиваль шымылдығы әншінің сонау 60-жылдардың бел ортасында

арасында алғаш болып сахнаға әкелген Гүлмира Ақұрпекова екенін жұрт жақсы біледі. Сонымен қатар жас буын өкілдері арасынан әдемі әндерімен жұрт ықыласына бөленіп жүрген Баян Нұрмышева есімін құрметпен атауға болады. Қос әнші



жұртшылық жылы қабылдаған «Жас қалам» әнімен басталды. Жерлесіміз Қадырғали Көбентай халық Тұңғышбай Жаманқұловтың орындауынан жақсы таныс «Өнер адамы» әні мен халық әні «Абайкөкті» нақышына келтіре шырқады. Бәрінен де Ержан Белғозиевтің өнері ерекше көрінді. Гитарамен күй орындағанды бұрынсоңды кім көрген? Өнерпаз Секен Тұрысбековтің «Көңіл толқыны» күйін жұрт назарына ұсынып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Гитараны нәзік жандылардың

де фестивальға арнайы келіп, бар өнерін ортаға салды. Баян халық әні «Қарғам-ау» мен «Жібектің елі» әнін нақышына келтіре шырқаса, Гүлмира Шәмші Қалдаяқовтың «Жайықта» мен «Шырқа, гитара» әндерін тамылжыта орындады.

Жасыратыны жоқ, көп жағдайда еліміздің бас шаһарлары Астана мен Алматының мысы басым болып кетіп жататыны рас. Өнерде ғана емес, барлық салада.

(Соңы 2-бетте)

# **Жеті ішек жетелеген әуендер әлдилеген күн**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осындай сәттерде аймақтардың түкпір-түкпіріндегі небір таланттардың елеусіз-ескерусіз қалып жататыны рас. Өнерпаздар осынау олқылықтың орнының толғанына разы.

– Бұған дейін мұндай фестиваль өткен емес. Төр Алтай төрінде алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Мен өте қуаныштымын. Біріншіден, бәріміз басқосып, емен-жарқын әңгімелесіп, етене таныстық. Жалпы гитарамен ән айтатын әншілер тонның ішкі бауындай бір-біріне жақынбыз ғой. Аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ пен фестиваль ұйымдастырушысы мәдениет басқармасына алғысымызды білдіреміз. Шығыс өңірінде осындай игі істер жалғасын таба берсін, – деп ағынан жарылды Гүлмира Ақүрпекова.

– Ең әуелі Шығыс өңірінің басшылығына және облыстық мәдениет басқармасына алғысымды айтқым келеді. Неге десеңіз, олар үлкен жұмысты, үлкен жауапкершілікті мойындарына алды. Шыны керек, біз өңір-өңірдегі гитарамен ән айтатын әншілерді танымаймыз. Бүгін, міне бір-бірімізбен, бір-біріміздің шығармашылықтарымызбен танысып, пікір алысып, мәре-сәре болып жатырмыз. Жақсы бір үрдіс басталды деп түсінемін. Бұл шараның біз үшін бұған дейін өткен республикалық деңгейдегі басқа концерттерден ерекше қымбат, ыстық болып қала берері анық, – дейді Баян Нұрмышева.